

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

нашей страны, которые будут тормозить данный переход: сильная зависимость экономики нашей страны от мировых цен на экспортируемое сырье, недостаточно устойчивая банковская система, финансовые рынки еще не вышли на высокий уровень развития.

Мы надеемся, что выход нашей страны из сложившейся ситуации будет осуществлен исключительно монетарными рычагами - учетной ставкой и интервенциями как наиболее гибкими и быстрыми в макроэкономической политике. Для сдерживания удорожания национального валютного курса НБ продолжает применять валютные интервенции. Банк проводит политику, которая вернет его в рамки ориентира в течение разумного срока. Подобный гибкий режим таргетирования инфляции позволяет банку самостоятельно выбирать приоритеты в независимости от экономической конъюнктуры, при этом не отходя от основного курса долгосрочной ценовой стабильности.

Формирующаяся в современных условиях гибкая политика инфляционного таргетирования в свое время докажет свою эффективность. На сегодняшний день данный режим предоставляет обществу наиболее доступное объяснение принимаемых монетарным руководством мер, когда прозрачность усиливает доверие делового сектора и населения, позволяя банку контролировать ожидания и благодаря этому повышать эффективность передаточного механизма денежно-кредитной политики.

Список литературы

1. Улюкаев А.В. Современная денежно-кредитная политика. М., 2008.
2. Пресс-релизы Национального Банка № 43, 48 (Официальный сайт НБРК: www.nationalbank.kz)
3. Закон Республики Казахстан от 30 марта 1995 года N 2155 «О национальном банке Республики Казахстан».

УДК 691.667.9732

МҰНАЙ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ БАҒАМЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІ

Б.Абикеева, М.Калибанова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Атырау өңіріндегі Жайық пен Жем аралығында көлкіген мұнай кені бар екені ерте заманнан белгілі болған. Тіпті сол кездің өзінде-ақ жергілікті көшпенді қазақтар жер бетіне шығып жатқан қимады, мұнайды сүзіп алып, түйенің немесе адамның теңге қотырын емдеуге қолданған. Бірақ қазақтар бұл үлкен қазынаның жер бетіне шығып жатқан шеті ғана екенін білген жоқ. XVIIIғ. мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында Жайық пен Жем өңірінде жер қойнауын зерттеушілердің пайда болғаны белгілі. И. Лепехин /1768/, П. И.

Рычков /1772/, П. С. Паллас /1773/, С. Г. Гмелин /1785/, Г. Гельмерсен /1836/, тағы басқалары Атыраудың географиялық және топографиялық құрылымына, су қорлары мен кен байлықтарына қысқаша геологиялық сипаттама берді. зерттеушілердің осы алғашқы деректерінің ғылым үшін пайдасы зор болды.

Атырау өңірін алғашқы зерттеушілердің бірі – Н. А. Северцов. Ол 1860 жылы «Горный» журналына қазіргі Доссор маңы туралы есебін жариялайды. Онда «Бұл жердің мұнайы су бетіне қалқып шығып жатады екен» – деп жазады. Біздің осы өлкемізде 1874 жылы инженер Д. В. Кирпичников келіп, бірнеше кен орындары жайлы пікір қалдырды. Мысалы, әлгі Доссор кені жайлы мынадай тұжырым жасады: «Бұл жерде мол мұнай қоры бар екендігіне күмән жоқ. Бірақ тұщы суы тапшы, қатынас жолы қиын, тұрғын халқы, шабатын шөбі жоқ. Бұл байлықты пайдалану өте қиынға соғады». Ол тұста бұл аса мәнді болжамға ешкім назар аударма қоймайды. Бұдан кейін де Атырауға бірнеше этнограф ғалымдар мен экспедициялар келеді. 1899 жылдың қараша айында Атырау облысы, Жылыой ауданына қарасты Қарашүңгіл алаңындағы №7 ұңғымадан мұнай фонтаны атқылап, тәулігіне 20 тоннадай өнім берді. Бұл бүгіндері дүние жүзіне мәлім болған Қазақстан мұнайының алғашқы тамшылары еді. Қарашүңгіл мұнай фонтаны туралы хабар Ресей және шетел кәсіпкерлерін дүр сілкіндіріп, Ембі–Каспий аймағында мұнай қорын іздестіру жұмыстарын кен көлемде жүргізуге мәжбүр етті.

Бүгінгі күні дүниежүзілік мұнай қорының 3%-на ие Қазақстан, әлемдегі мұнайға бай 15 елдің қатарына кіреді. Мұнайгазды аудандар еліміздің 62% аумағына орналасқан және 80-нен астамы игеріліп отырған 172 мұнай кен орындарын қамтиды.

1995 жылы орташа мұнай бағасы 1980 жылмен салыстырғанда 25 пайызға, 1990 жылы – 38 пайызға, ал 1994 жылы ең төмен деңгейі 1 баррельге 16 доллар (2,3 есе төмендеуі) болғанда 10 ірі компанияның пайдасы 5 жыл ішінде ең жоғары табысқа ие болды.

1998 жылы бюджетті мұнай бағасын 18 доллар/баррельмен алған, бірақ сол кездегі қиыншылық нәтижесінде экономикалық өсім төмен болып, Үкімет бюджеттегі шығындарды шегеруге тура келген. Ал соңғы кезде мұнай бағасының өсуінен 2006 жылға экспорттан түскен ақша 230 млрд. доллар болды, ал кейбір елдер бұрынғы жылдармен салыстырғанда, екі есе көп табыс тапты.

Соңғы жылдары, АҚШ–тың энергетикалық министрлігінің болжамы бойынша, 2015 жылы мұнайды дүниежүзілік тұтыну тәулігіне 90,4 млн. баррельден 100,5 баррельге дейін жетеді дейді. Соңғы кезде дүниежүзінде мұнайды тұтыну тәулігіне 75 млн. баррель болды. Министрліктің болжамы бойынша, 2015 жылы Парсы шығанағы елдерінің мұнайды экспорттауы Солтүстік Американың елдеріне тәулігіне екі есе артуы мүмкін.

Бүгінде Қазақстан Республикасы әлемдегі ірі мұнай державасының бірі болып табылады. Оның болашақтағы мұнайлы газды аудандарының көлемі 1 млн. 700 мың км., ал бұл барлық территорияның 62 пайызын құрайды. Бүгінде 208 мұнай газ кен орындары ашылды.

Жүз жыл ішінде мұнай өндіру 2,5 мың есе өскен. Егер 1911 жылдан 1991 жылдар арасында 543,43 мың тонна мұнай өндірілсе, 1992 жылдан 2007 жылдары – 264,66 млн. тонна болды. Өткен 2005 жылы барлық компаниялармен 59963 мың тонна мұнай өндірілсе, ал 2008 жылы 80 млн тонна мұнай өндіру жоспарланып отыр.

Әлемдегі мұнай бағасы соңғы бес жарым жылда шарықтау шегіне жеткенше түсті. Brent маркасы 1,5 5%-ға арзандап, баррельі 46,72 долларды құрады, сөйтіп сауда-саттықтағы құны 46,7 долларға бағаланды. Ал, WTI маркалы қара алтын бағасы 1,39%-ға төмендеп, нәтижесінде баррельі бар болғаны 45,43 долларға саудаланды. Міне, бұл көрсеткіш 2009 жылдың наурызынан бергі әлемдік мұнай бағасының ең құнсызданған сәті. Бүгінгі «кульминациялық» ахуалды жіті бақылап отырған ОПЕК ұйымына мүше елдердің ақпарат көздеріне сенсек, алдағы жарты жылда жағдай қайта қалпына келе бастайтын көрінеді... Десек те бұл жолы біздің үкімет мұндай мәлімдемелерге суыққандылық танытқанға ұқсайды. Олай дейтініміз, мұнай баррельі 30 долларға түскеннің өзінде тығырықтан алып шығатын жоспар министрлер кабинетінде сақадай сай тұр екен.

Сонымен, әлемнің мұнай өндірушілері жан-жақтан дабылдарын қаға түсті. «Алдағы жарты жылда мұнай қорының артады» деген үкілі үміт әркімнің көкейінде қазір... «Мұнай бағасы 2015 жыл соңына қарай қалпына келуі керек» деп мәлімдеген ОПЕК-тің бас хатшысы Абдалла Салем аль-Бадридін өзі: «Біз қазір нарық жағдайын дән анықтай алмай отырмыз. Нарық мұнай бағасының мұнша арзандап кетуіне қалай әрекет ететінін көру үшін, 2015 жылдың екінші жартысына дейін күту керек», — деді. Ал, БАӘ энергетика министрі Сухейль Фарадж аль-Мазруи осыған дейін, мұнай нарығындағы жағдай жақында реттеледі деп, тағы бір серпілтіп қойып еді... Ол: «Біз нарық тұрақтануына мүмкіндік беру керек деген ОПЕК шешімін толығымен қолдаймыз. Мұнай өндірушілер өздерінің ұсынысын тұрақтылыққа қол жеткізу қажеттігімен де салыстыратын шығар деп сенеміз. Сол кезде жағдай тез тұрақталады», — дейді. Расында да Энергетика министрі атап кеткендей, «энергетика шикізатының нарығын тұрақтандыратын шаралар қабылдау керек және сол арқылы әлемдік нарықтағы біздің ұстанымымызды бекіту қажет». Осындай пікірді қолдаған Сауд Арабиясының Мұнай және минералдық ресурстар министрі Али ан-Нуайми да «мұнай нарығы көтеріледі» деген болатын. Нуайми сонымен қатар корольдік мұнай өндірісінің көлемін азайтпайтындығын және квота көлемін ОПЕК-тің басқа да мүшелеріндей сақтайтынын тағы бір мәрте қайталай мәлім етті. Дегенмен бұл тұста, мұнай бағасының арзандауына ОПЕК-ке мүше емес елдер кінәлі дегенді де қадап айтты. Министрдің айтуынша, Сауд Арабиясы мен басқа да елдер (ұйымға мүше) нарықты тұрақтандырудың жолдарын іздестірді, бірақ ОПЕК-ке мүше емес өндірушілер тарапынан ынтымақтасуға ниетінің жоқтығы, қауесеттің таратылуы және нарықтағы алып-сатарлық бағаның құлдырауына әкеп соқты. Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы квотаны тәулігіне 30 млн баррель деңгейінде сақтау керек деп шешкеніне де көп уақыт өте қойған жоқ. Ия, дәл сол шешім көмірсутегі бағасына одан ары құлдырауына әкеп тірегеніне әлем куә болып отыр. ОПЕК құрамына 12 мемлекет кіретіні белгілі,

ол: Иран, Ирак, Кувейт, Сауд Арабиясы, Венесуэла, Катар, Ливия, Біріккен Араб Әмірлігі, Алжир, Нигерия, Эквадор және Ангола. Штаб пәтері Венада орналасқан. Ресей, Мексика, Мысыр мен Оман ОПЕК жанындағы бақылаушылар. Reuters ақпараттық агенттігі таратқан хабарларда, ОПЕК-тің 2015 жылы мұнай бағасы 70-80 доллар шамасына тұрақтайды деп үміттенетіні айтылған. Алайда ОПЕК-тің кейбір мүшелері әсіресе Парсы шығанағының маңындағы мемлекеттер мұнай бағасының барреліне 100 доллар болатындығын болжамақ түгіл, оған мүлде сенбейтіндерін жеткізді. Тіпті бұл жағдай уақыт келе қиын өндірілетін көмірсутегі өндірісіне ауысуға мәжбүр етеді деген пікірді айтып, қара бұлтты төндіріп отыр. әлемдік нарықта мұнай бағасы жаздан бері екі есеге құлдырап кетті.

Ал, еліміз үкіметі қазір мұнай баррелі 30 долларға дейін түсіп кеткен жағдайда қазақстан экономикасының даму жоспары қандай болуы керек деген мәселені күн тәртібіне қойып, оның жолдарын қарастырып жатқанға ұқсайды. Қаржы министрлігі осы мақсатта қызу іске кірісіп кетіпті. Алдымен «Қазақстан нені үнемдеуі керек?» деген бірінші және маңызды сұраққа жауап іздеп жатыр екен. Аталмыш министрлік басшысы Бақыт Сұлтановтың айтуынша, үстіміздегі жылы қара алтынның бағасы қалай ауытқыса да жағдайды бақылауда ұстап отырамыз, тіпті мұнай баррелі 30 долларға дейін құлдырып кетсе де, тығырықтан шығудың жан-жақты сценарийі алдын ала жасалып қойған көрінеді. Мұндайға «бәрежелді!» деуіміз керек шығар тіпті.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/>
2. <http://www.kmgep.kz/kaz/>
3. <http://group-global.org/kk>
4. <http://zhebe.com/>

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН - ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Т.А. Абылайханова

С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ., Қазақстан

Жергілікті өзін - өзі басқару жүйесін дамыту экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әл-ауқаттың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін - өзі басқарудың қалыптасуы - бұл мемлекет институттары мен азаматтық қоғамның дамуымен, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен, жергілікті халықтың өміріне тікелей әсер ететін басқа да факторлармен және жағдайлармен байланысты көп кезенді және серпінді үрдіс.

Қазақстанда жергілікті өзін - өзі басқару проблемаларын шешу тәсілдері де пысықталуда және негізгі мәселе біздің еліміздің жағдайы мен болмысына